

DOI 10.54596/2309-6977-2021-3-46-52

ЭОЖ 378.1

ҒТАМА 14.35.07

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН КРЕАТИВТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ӨЗІН-ӨЗІ КӘСІБИ АНЫҚТАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қошанова Ж.Т.¹, Қошанова М.Т.²

¹*М. Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан*

²*Л.Н. Гумилев ат. Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

(E-mail: zhazira29092009@mail.ru)

Аңдатпа

Бұқаралық ақпарат құралдарын креативті пайдалану арқылы болашақ маманның кәсіби қалыптасуын дамытудың ерекшеліктерін өзін-өзі анықтау арқылы жүзеге асырудың ғылыми тұрғыдағы мәселесі мен практикалық мазмұны қарастырылып, зерделенеді. Сонымен қатар, болашақ маманның кәсіби өзін-өзі анықтаудың әр түрлі бағыттары мен жүзеге асырудың жолдары және кәсіби өзін-өзі анықтау факторларының қалыптасуының тәсілдерінің маңыздылығы туралы жазылған.

Кәсібилікке бағыттауда студенттің бойында қалыптастырылатын өзін-өзі анықтаудың құндылығының қажеттілігі мен педагогикалық-психологиялық сауаттылықтың рөлі зерделенеді. Теориялық және практикалық міндеттерді шешу үдерісінде жеке адамның еріктік құрылымы қалыптасатындығы, міндеттердің қалай қабылданатындығы және қалай жүзеге асырылатынын туралы жазылады.

Болашақ мамандардың ақпарат құралдары арқылы кәсіби өзін-өзі анықтауын жүзеге асырудың жолдары мен мазмұнының көпқырлылығы мен көпжақтылығы қарастырылады.

Кілтті сөздер: өзін-өзі анықтау, бұқаралық ақпарат құралдары, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі жетілдіру креативтілік, кәсібилілік, құндылық-бағдар.

ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ПУТЕМ КРЕАТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

Кошанова Ж.Т.¹, Кошанова М.Т.²

¹*Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан*

²*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

(E-mail: zhazira29092009@mail.ru)

Аннотация

Рассмотрены и изучены научные проблемы самоопределения а так же практическое содержание реализации профессионального развития будущего специалиста через креативно использованных средств массовой информации. Кроме того, написано о важности различных направлений и способов реализации профессионального самоопределения будущего специалиста и способов формирования факторов профессионального самоопределения.

Исследуются потребность в ценностном самоопределении, сформированном у студенте и роль педагогической, психологической грамотности в ориентации на профессионализм. Таким образом, рассматривается вопрос о формировании восприятия и реализации произвольной структуры личности при решении теоретических и практических задач.

Изложено разносторонность и многогранность содержания и способов реализации профессионального самоопределения будущих специалистов через средств массовых информации.

Ключевые слова: самоопределение, средство массовой информации, самосовершенствование, креативность, профессионализм, ценностная ориентация.

FEATURES OF PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF FUTURE TEACHERS BY THE CREATIVE MEDIA USED

Koshanova Zh.¹, Koshanova M.T.²

¹*M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavl, Kazakhstan*

²*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

(E-mail: zhazira29092009@mail.ru)

Abstract

The scientific problems of self-determination as well as the practical content of the implementation of the professional development of the future specialist through the creatively used media are considered and studied. In addition, it is written about the importance of various directions and ways of implementing the professional self-determination of a future specialist and ways of forming factors of professional self-determination.

The need for value self-determination, formed in the student, and the role of pedagogical, psychological literacy in the orientation towards professionalism are investigated. Thus, the question of the formation of the perception and implementation of an arbitrary personality structure in solving theoretical and practical problems is considered.

The versatility and versatility of the content and ways of realizing the professional self-determination of future specialists through the media are described.

Keywords: selfdetermination mass media self improvement creativity professionalism value orientation.

Кіріспе

Еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңалықтар білім мазмұнына өзгерістер әкелуде. Атап айтсақ: оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда бағдарламаларды, оқыту әдістерін таңдауда міндетті түрде ЖОО-да білім беру жүйесі жастарды таңдаған мамандықтарына бағдарлап, жеке тұлғаның сапалары мен өзін-өзі анықтауындағы тұлғалық қасиеттерін бұқаралық ақпарат құралдарын креативті қолдануға икемдеу [1]. Нәтижесінде, болашақ маман өзінің өмірінің қалыптасу жолдарының қажеттігін, оны іздеуін, таңдауын, білім перспективаларын анықтауын, ішкі жағдайлардың өзгерісіне төселуіне алып келеді.

Еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау жүйесі халықаралық Болон декларациясына сәйкес, кредиттік-модульдік оқыту технологиясы арқылы жүзеге асырылады. Аталған оқыту жүйесі ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық деңгейде тануға, ЖОО-ны студенттері мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз етуге, кәсіби білім беру сапасын арттыра отырып, білім берудің барлық деңгейлерін сабақтастыруға мүмкіндік береді [2].

Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі саналы іс-әрекеттің нәтижесі болып келеді. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде негізінен бұқаралық ақпараттар құралдары материалдарын мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың маңыздылығын қарастырған зерттеуші ғалымдарды атауға болады. Олар, П.Б. Сейітқазы [3], Ө.О. Оразова [4], Б.М. Жапарова [5], Ұ.Ж. Жұмабекова [6] және тағы басқалар. Осы ретте, білімгерлердің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы креативтіліктерін қалыптастыру үшін ең алдымен кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызы зор екендігін зерттеген ғалымдарға тоқталуға болады. А.В. Петровский [7]; К.А. Абдульханова-Славская [8], А.А. Бодалев [9], А.В. Мудрик [10] және т.б. әлеуметтік және кәсіптік топтардың әр түрлі жас өкілдерінің өнімді, толық қарым-қатынасының қажеттігі деп зерделеген.

Жеке тұлғаның тиімді кәсіби мамандық таңдауда өзін-өзі бағалау мәселелері өзекті де, күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Өзін-өзі бағалау мәселесін теориялық жағынан толығырақ қарастырған Б.Г. Ананьев [11], И.С. Кон [12] т.б.

Ғылыми тұрғыда зерделенген пайымдауларға сүйене отырып, біз болашақ педагогтердің кәсіби дайындығын қалыптастыру мәселесінің әртүрлі бағытта жүргізілетіндігін айқындадық. Бірінші бағыт: педагогтердің дәріс түрінде білімі мен оқу-тәрбие жұмысын атқаруға қажетті педагогикалық біліктері мен дағдыларының мазмұны мен жүйесін анықтайтын профессиограмма жасау (В.А. Слостенин, Л.И. Щербаков).

Екінші бағыт: педагогтердің дайындығын оқу пәндері бойынша педагогикалық тәжірибенің дидактикалық бағыттылығын күшейту мен арнайы оқыту арқылы жетілдіру (Т.В. Амельченко, С.Е. Архипова, Т.Ш. Дамаев, П.С. Подымова, Т.С. Сабыров, М.Н. Сарыбеков, С.И. Тадиян) ерекшеленеді.

Үшінші бағыт: оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету, соған сәйкес педагогтердің кәсіби-педагогикалық және әдістемелік дайындығын жетілдіру (Қ. Аймағанбетова, А.Х. Аренова, А.Е. Әбілқасымова, Л.В. Занков, Б.М. Қосанов, Ш.Х. Құрманалиева, Т.Қ. Оспанов, С. Рахметова, С.О. Сатқанов, Н.Н. Светловская, Л.П. Стойлова, П.М. Эрдниев).

Зерттеуіміздің өзектілігі бір жағынан тәжірибе талаптарына жауап беруімен байланысты, екінші жағынан осындай іс-әрекеттің теориялық негізін зерделеу арқылы өзін-өзі анықтаудың ерекшеліктерін қарастыру.

Зерттеу әдістері

Тәжірибелі-эксперимент жұмысын жүргізу барысында біз бұқаралық ақпарат құралдарын креативті қолдану үшін, кәсіби өзін-өзі анықтаудың екі бағыты болу керек деген қорытындыға келдік. Олар:

1. Кәсіби ой, мүмкіншілік, практикалық іс-әрекеттің қалыптасуы.
2. Әлеуметтік, оның мазмұны жас маманның оқу мекемесінің педагогикалық ұжымына кірігуі, өзара іс-әрекеті мен қарым-қатынас дағдысының қалыптасуы.

Психологияда жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау мәселесінің шығармашылығына ерекше мән береді және оны индивидтің тұлға ретінде қалыптасуындағы бірінші фазасы ретінде қарастыра отыра оны тұрақты түрде әлеуметтік қоғаммен байланыстырады [13]. Демек, цифрлік қоғам заңдылықтарының өзгеруі мен медианың тұлға дамуына тигізетін ықпалының артуы педагог маманның ақпараттық-коммуникативтік технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдары туралы арнайы білімнің болуын қажет етеді.

Р.Г. Гурова мектепті бітірген түлектердің әрі қарай білім алуды жалғастыруға даярлығын анықтайтын критерийлерді төрт топқа бөледі:

Бірінші – тиісті білім, іскерлік, дағдылардың болуы және өздігінен білім алу тәсілдерін білу; екінші – білім алуға және оқуға деген ынта; үшінші – адамның жеке басының психологиялық қасиеттері: дамыған шығармашылық ойлау мен ерік-жігер сапалары, өзінің ықыласын, бейімділігін, қабілеттерін білуі және түсінуі; төртінші – таңдаған мамандығы, оның ерекшеліктері мен оған қоятын талаптары, қоғамдық қажеттілігі туралы арнайы білімдердің болуы [14]. Осы ретте, зерттеп отырған мәселеге орай, білімгерлердің медиа құралдардың бағыт-бағдары, ұсынатын қағидасы туралы басты түсініктерінің болуы, ақпаратты жинақтап, сыни талдап, тарата алуы, яғни, «медиабілімді тұлға» болуы цифрлік дәуірдің негізгі талабы.

Өзін-өзі анықтау түсінігі кәсіби ортаның жағдайларын бірден өзгеріске ұшыраған қарама-қарсы сынды жеңу тәсілі, яғни, іс-әрекет субъектінің психикасы мен организмнің интеллектуалдық күйі. Біз, индивидтің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы креативтіліктерін қалыптастыруда кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауды бағыттауға сүйенеміз, немесе іс-әрекет түрінің (ЖОО-да оқу, мектептегі педагогикалық тәжірибе)

факторларының өзекті ортасына, индивидтің даму деңгейіне, мүмкіндіктері мен ортаның жаңа талаптарына (іс-әрекеттегі), нәтижесіне.

Дербес жүргізілген кәсіби іс-әрекет болашақ маманның баспасөз құралдарды пайдалану арқылы өзін-өзі кәсіби анықтауда креативтіліктерін қалыптастырудың өлшемі және басты кезеңі болып саналады. Өйткені, осы кезеңде мамандыққа тиімді біліктілігі мен дағдысы қалыптасып, дамиды. Сонымен қатар, жас маманның кәсіби өзін-өзі анықтауының жағымды және жағымсыз механизмдері анықталады.

Біз, тәжірибелі-эксперимент барысында мынаған көзімізді жеткіздік: бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы креативтіліктерін қалыптастыру үшін кәсіби өзін-өзі анықтауға үш фактордың ықпалы. Бірінші, кәсіби өзін-өзі анықтаудан пайда болған – орта. Екінші, жеке тұлғалық сапалар. Ол адамның өзінің ерекшеліктеріне байланысты. Үшінші, кәсіп алды үдерісті басқару.

Сонымен қатар, ЖОО-ң түлегінен: студенттік кезде кәсіби өзін-өзі анықтаудың құндылық-бағдары зерделенді:

- орындалған жұмыстың мағыналылығы мен маңыздылығы, мамандыққа қызығушылығы яғни жауапкершілікті сезінуі;
- өз жұмысын адал ниетпен орындау; басшының талабы, перспектива, жұмыс барысында белгілі бір жетістікке ие болуы, ұжымның талабы;
- шығармашылық, ұжымның іскери атмосферасы;
- материалдық ынталандыру; моралдық ынталандыру.

Студенттердің таным әрекеттерінде ойлау мен іс-әрекет үдерістері жетекші роль атқарады, сондықтан, олардың өзара өзгеріске ұшырауын және бір-бірімен қарым қатынастарының ерекшеліктерін ескеріп отыру өте маңызды.

Талқылау

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысы көрсеткендей біз мыналарды атап өтеміз: бұқаралық ақпарат құралдарын креативті қолдану арқылы кәсіби өзін-өзі анықтау процесін екі жолмен жүргізуге болады. Біріншіден, теңесу (шешілетін мәселелердің жиынтығы, іс-әрекет цикілінің толықтылығының оларды шешуге бағытталғандығын және орындалған функциялардың жиілігі). Екіншіден, маманды маңызды функционалды байланыстардың кең түрдегі жиынтығына тарту немесе оның кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыруда толығымен барлық параметрлер бойынша изоморфтық іс-әрекетке ұқсастық, яғни демонстрациялау. Сонымен қатар, болашақ педагогтың бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану арқылы креативтіліктерін қалыптастыруда өзін-өзі анықтауды жетілдіру үшін педагогикалық жағдаяттар, тренингтер, ойындар, сауалнамалар жүргізуге болады. Мысалы,

- а) болашаққа барар жолда өзі қалайтын таңдау жасау;
- ә) кәсібилікті шеберлікпен өзін-өзі жетілдіру;
- б) кәсібилілік бағыттағы нақтылық;
- в) өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;

Осындай факторларды ескере отырып, біз, оқудың мазмұны мен түрін алға тартамыз: мазмұны кәсібилілік бағытты білдірсе, ал үдерісті басқару демократиялық түрде өтеді, студенттер мен ұстаздар арасында достық қарым-қатынас орнайды.

Студенттердің өзін-өзі жетілдіру, дамытуда психологиялық-педагогикалық, мәдени функциялардың маңызы зор. Қарастырып отырған мәселеге орай, біз, дискуссия әдісін пайдалану барысында миға шабуыл жасау негізінде өмірлік жағдаяттарды талдау арқылы, адамдардың түрлі мінездерін, ерекшеліктерін ашып беретін, күнделікте өмірде кең қолданылып жүрген «қанатты» сөздердің мағыналарын студенттердің

білмейтіндіктерін анықтадық. Қатысушылардың біразы «ағаштан түйін (түйме) түйеді», «өз қолы өз аузына жетті», «екі тізгін, бір шылбыр» деген метафоралардың мағынасын түсіндіріп бере алмады.

Салыстыру үшін бірнеше сөздердің мағынасын ашып, салыстырып көрсетейік. Мысалы:

А) «ағаштан түйін (түйме) түйеді», деген аса шебер, барынша өнерлі, он саусағынан өнер тамған;

Ә) «екі тізгін, бір шылбыр» - ынтымақты ел-жұрттың ерік-билігін, билік-тізгінін ұстау, ел-жұрттың көш басшысы болу мәнінде айтылады[69]. Осындай креативті тапсырмалар беру арқылы ақпарат беру студенттердің коммуникативті дағдыларын дамытып, өздерін анықтауға деген сенімділіктерін, ойларын жеткізуге нақты дәйекті материалдар мен фактілерге сүйенуге бағыттай отырып медиабілімдік іс-әрекетке икемдедік.

Сынақ, кәсіби өзін-өзі анықтауына әсер ететін, оның психологиялық-педагогикалық мәдениеттінің құрамдас бөлігі ретінде элементарлық психологиялық-педагогикалық сауаттылығы қандай болуы керектігіне қарамай және болашақ кәсіби әрекетінің саласынын таңдауына қарамастан педагогика мен психология туралы студенттердің хабардары, ұстанымдары, білімі (тұрмыстық және ғылыми) қай деңгейде болуы керек деген ойға негізделіп, бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды міндеттерінің бірі, сыни ойлауға дағдыландыруда креативтіліктерін қалыптастырып, дамыту.

Қорытынды

Қазіргі таңда, педагогикалық ЖОО-ның ең маңызды педагогикалық міндеті әлеуметтік ортаның талаптарына сай студенттерді кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындығын мамандық таңдауда бізге өздігінен мақсатты бағыттылықпен және өздігінен дайындығының нәтижесі мен жеке тұлғаның интегралды қасиеті ретінде және кәсіби педагогикалық іс-әрекетке практикалық дайынды мен психофизиологиялық, адамгершілік тұрғыда көрінетін кәсіби таңдауда дербес стратегиясын қалыптастыруды жете дербес жүзеге асыруға рұқсат беретіндей анықталады. Бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану арқылы кәсіби өзін-өзі анықтаудың қабілеттерін негізгі критерилермен анықтауға болатындығына көзіміз жетті. Олар: әлеуметтік (өзінің өмірінің мақсаты мен мағынасын түсіну, қоғамның және т.б. таңдаған мамандығының талаптарына сәйкестілігі); психофизиологиялық (жеке тұлғаның кәсіби бағыттылығы, мамандықтың талаптарына денсаулықтың сәйкестілігі); практикалық-бағыттылығы (мазмұнды білу, еңбек жағдайы, педагогикалық мамандыққа талаптар және т.б.).

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы. 23.07.1999 ж., №451 (өзгерістер мен толықтырулар 3.05.2001 ж., №181-II) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451>
2. Әбдікәрімұлы Б., Андасова Б. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша экономистердің өздік жұмысының педагогикалық шарттары. – Астана, 2007. - 259 б.
3. Бережнова Е.В., Абдиркенова А.К. Медиабілім мазмұнын қалыптастыру шарттары / Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. №3 (128) / 2019. – Нұр-Сұлтан, 2019. - 25-32 б.
4. Сейітқазы П.Б. Баспасөз және тәрбие мәселесі: Оқу құралы. – Астана, 2007. -112 б.
5. Оразова Ә.О. Республикалық педагогикалық мерзімді баспасөз беттеріндегі оқушыларға ұлттық тәрбие беру мәселелері (1985-2000 жж. «Қазақстан мұғалімі», «Учитель Казахстана» газеттері материалдары негізінде): п.ғ.к.диссертациясы. – Тараз, 2007. - 19 б.

6. Жапарова Б.М. Баспасөз-ой кемесі: Оқу-әдістемелік нұсқаулық. – Павлодар: «Дом печати» ЖШС, 2007. - 64 б.
7. Жумабекова У.Ж. Влияние педагогической прессы республики на совершенствование учебно-воспитательной работы общеобразовательных школ: дисс...канд.пед.наук. – Алматы, 1982. - 124 с.
8. Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. – М.: Политиздат, 1982.
9. Абульханов – Славская К.А. Деятельность и психология личности. – М.: Наука, 1980. - 335 с.
10. Бодалев А.А. Личность в общении. – М.: Педагогика, 1983. – 272 с.
11. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику: Учебное пособие для студентов. – М.: Ин-т практ. психологии, 1997. - 365 с.
12. Ананьев Б.Г. Психологическая структура человека как субъекта // Человек и общество / Под ред. Б.Г. Ананьева. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1967. – Вып. 2. – С. 3-15.
13. Кон И.С. Психология юношеского возраста. – М.: Просвещение, 1979. - 175 стр., С.32
14. Гурова Р.Г. Социалистические проблемы воспитания. – М.: Педагогика, 1981. – 176 с.
15. Якуба Е.А. Стажировка и проблема повышения качества подготовки специалиста в вузе // Социальная активность специалиста: истоки и механизм формирования (социологический анализ) / Под ред. Е.А. Якуба. - Харьков: Высш. шк., 1983. - С.158-177.
16. Сластенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. – М.: Просвещение, 1976. - 157с.
17. Т. Сабыров. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. / Көмекші құрал / - Алматы. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999 ж., 83 б. Б.43
18. Пек Ли Энн, Гай С.Рил. Медиа этика. Жас мамандардың тәжірибесінен. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 304 б.
19. Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 592 б.
20. Хиллсрид Л.Р. Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020. - 528 б.

Adebiat:

1. Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы. 23.07.1999 ж., №451 (өзгерістер мен толықтырулар 3.05.2001 ж., №181-II) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451>
2. Әбдікәрімұлы Б., Аңдасова В. Кредиттік оқыту зыжесі бойынша экономистердің өздік зһұмысынұң педагогикалық шарттары. – Астана, 2007. -259 б.
3. Berezhnova E.V., Abdirkenova A.K. Mediabilim mazmұnyн kalyptastyru sharttary / L.N. Gumilev atyndary Euraziya ұlttyk universitetiniң habarshysy. №3 (128) / 2019. – Nұr-Sұltan, 2019. -25 -32 b.
4. Sejitkazy P.B. Baspasoz zhone tarbie meselesi: Oqu kұraly. – Astana, 2007. -112 b.
5. Orazova Ә.O. Respublikalyk pedagogikalыk merzimdi baspasoz betterindegi okushylarға ұlttyk tarbie beru meseleleri (1985-2000 zhzh. «Қазақстан мұғалими», «Uchitel' Kazahstana» gazetteri materialdary negizinde): p.f.k.dissertaciyasы. – Taraz, 2007. -19 b.
6. Zhaparova B.M. Baspasoz-oj kemesi: Oqu-әdistemelik nұskaulyk. – Pavlodar: «Dom pechati» ZhShS, 2007. - 64 b.
7. ZHumabekova U.Zh. Vliyanie pedagogicheskoy pressy respubliki na sovershenstvovanie uchebno-vospitatel'noj raboty obshcheobrazovatel'nyh shkol: diss...kand.ped.nauk. – Almaty, 1982. - 124 s.
8. Petrovskij A.V. Lichnost'. Deyatel'nost'. Kollektiv. – M.: Politizdat', 1982.
9. Abul'hanov – Slavskaya K.A. Deyatel'nost' i psihologiya lichnosti. – M.: Nauka, 1980. - 335 s.
10. Bodalev A.A. Lichnost' v obshchenii. – M.: Pedagogika , 1983. – 272 s.
11. Mudrik A.V. Vvedenie v social'nyu pedagogiku: Uchebnoe posobie dlya studentov. – M.: In-t prakt. Psihologii, 1997. – 365 s.
12. Anan'ev B.G. Psihologicheskaya struktura cheloveka kak sub"ekta // Chelovek i obshchestvo / Pod red. B.G. Anan'eva. – L.: Izd-vo LGU, 1967. – Vyp. 2. – S. 3-15.
13. Kon I.S. Psihologiya yunosheskogo vozrasta. – M.: Prosveshchenie, 1979. - 175 str., S.32
14. Gurova R.G. Socialisticheskie problemy vospitaniya. – M.: Pedagogika, 1981. – 176 s.
15. YAkuba E.A. Stazhirovka i problema povysheniya kachestva podgotovki specialista v vuze // Social'naya aktivnost' specialista: istoki i mekhanizm formirovaniya (sociologicheskij analiz) / Pod red. E.A. Yakuba. - Har'kov: Vyssh.shk., 1983.- S.158-177.
16. Slastenin V.A. Formirovanie lichnosti uchitelya sovetsoj shkoly v processe professional'noj podgotovki. – M.: Prosveshchenie, 1976. -157 s.

17. T. Sabyrov. Bolashaq mұғalimderdiң didaktikalық dajyndyғyn zhetildiru. /Kөmekshi qғral/ - Almaty. Y. Altynsarin atyndaqy Qazaqtuң bilim akademiyasynuң Respublikalық baspa kabineti, 1999 zh., 83 b. B.43
18. Pek Li Enn, Gaj S. Ril. Media etika. Zhas mamandardyң tәzhiribesinen. – Almaty: Ylttyq audarma byurosy, 2018. - 304 b.
19. Bejnbrizh Zh., Gok N., Tajnan L. Media zhәne zhurnalistika: teoriya men praktikaға zhaңa kәzқaras. – Almaty: Ylttyq audarma byurosy, 2019. - 592 b.
20. Hillird L.R. Televiziya, radio zhәne zhaңa mediaға mәtin zhazu. – Almaty: Ylttyq audarma byurosy, 2020. - 528 b.